

Бекітілді:
№ 1. 25.08. 2023 ж
Педагогесте бекітілді
Мектеп директоры:
С.А. Назарбекова Назарбекова С.А.

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Олжабай батыр ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған
оқу- тәрбие жұмысының
жылдық жоспары

Мазмұны

I. Мектеп туралы ақпарат, мақсаттар мен міндеттер.....	4
II. Өткен оқу жылына оқу -тәрбие үрдісінің талдауы.....	7
III. Білім беру туралы мемлекеттік нормативтік құжаттарының орындалуына бағытталған мектептің жұмысын ұйымдастыру:	
3.1 2023-2024 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары.....	22
3.2 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары.....	24
3.3 2023-2024 оқу жылына арналған «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.....	26
3.4 .ОТҮ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары.....	28
3.5 Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.....	31
IV. Педагогикалық кадрлармен жұмыс	
4.1 2023-2024 оқу жылына педагогикалық құрамның жұмыс жоспары.....	33
4.2 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің курстық дайындық болашақ жоспары.....	34
4.3 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің аттестациядан өту бойынша болашақ жоспары.....	37
V. «Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру»:	
5.1 Оқу- тәрбие жоспары	39
5.2 Жас мамандармен жұмыс жоспары.....	46
5.3 Білімдегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс жоспары.....	48
5.4 Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары.....	51
5.5 Үлгемі төмен оқушылармен жұмыс жоспары.....	53
5.6 Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторинг жүргізу сынағына дайындық жоспары.....	55
5.7 ҰБТ-ге дайындық жұмыс жоспары.....	56
5.8 ОҒҚ жұмыс жоспары	57
5.9 Қорытынды аттестацияны ұйымдастыру жоспары.....	58
VI. ОТҮ психологиялық қолдауды ұйымдастыру	
6.1 Педагог – психологтың жылдық жұмыс жоспары	59
VII. Басқару және бақылау	
7.1 Педагогикалық кеңес жоспары	67
7.2 Директор жанындағы отырыс жоспары.....	70
7.3 Әдістемелік кеңес отырысының жоспары.....	73
7.4 Мектепшілік бақылау жоспары.....	76
VIII.Ата-аналар және оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.	
8.1. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары.....	109
8.2 Ата-аналармен жұмыс жоспары.....	131

8.3 Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі отырысының жоспары.....	134
8.4.Мектеп тәлімгерінің жылдық жұмыс жоспары.....	136
8.5. Кітапхананың жұмыс жоспары.....	143
8.6.Мектеп әскери – дайындық ұйымдастырушысының жылдық жоспары.....	150
IX . Оқу материалдық техникалық базасын нығайту.	
9.1 Материалдық – техникалық базаны нығайту және шаруашылық ұйымдастыру жұмысының жоспары.....	151

I. «Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ туралы ақпарат

Атауы:	«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Мекеменің мекен-жайы:	Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Олжабай батыр ауылы, Ш.Байтуарова көшесі №15, тел. +77163334198 Эл.мекен-жайы: blagodatschool@mail.ru Olzhabay.om@mail.kz
Мектеп типі:	Жалпы орта білім беретін мектеп
Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні:	07.09. 1998.
Мектептің тақырыбы:	«Білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген, өзін өзі бағалай алатын тұлға қалыптастыру»
Мектеп директоры:	Назарбекова Сауле Ануарбековна
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:	Смаилова Саягуль Канатовна
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:	Серғазы Жадыра
Мұғалімдер саны:	31
Жоғары білімді:	27
Арнайы орта	4
Психолог:	Рақыш Құндыз Негманқызы
Жоғары білімді	1
Педагогикалық өтілі бойынша саралау:	
0-5 жыл	5
6-15 жыл	14
16-25 жыл	11
25 жылдан жоғары	1
Категория бойынша саралау:	
Педагог	14
Педагог – зерттеуші	1
Педагог – сарапшы	12
Педагог - модератор	4

Оқушылар саны:	246
Сабақтар аусымы	2 аусыым

Мектептің жұмыс тәртібі

I-аусыым	Сабақтың басталуы	Сабақтың уақыты	Сабақтың аяқталуы
1-11 сыныптар	08.30	45 мин.	14.35 мин
II-аусыым			
2 сыныптар	14.00	45 мин.	18.25 мин

Материалдық-техникалық базаның жағдайы:

Мектепте 1 спорт залы, 1 спорт алаңы, 120 орындықты асхана, 1 компьютер класы, 1 мультимедиалық кабинет /16+1/, жаңа талапқа сай 6 интербелсенді тақта, 2 шеберхана қызмет көрсету кабинеті, медициналық кабинет, психолог кабинеті, кітапхана, басқа пәндер бойынша 23 оқу кабинеттері бар. Барлық пән кабинеттері құжаттандырылған.

Мектептің тақырыбы: «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру»

Оқыту мен тәрбие берудің мақсаты: «Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және Қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»

Міндеттер:

- 1) «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
- 2) Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
- 3) 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
- 4) Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту ;
- 5) Оқушылардың функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
- 6) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
- 7) Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
- 8) Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
- 9) Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
- 10) Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
- 11) Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру.
- 12) Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
- 13) Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
- 14) Тәрбие берудің 8 бағытын талапқа сай орындау;

II. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісінің талдауы

Мектеп ұжымының 2022-2023 оқу жылында алдына қойған мақсат-міндеттері:

«Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және Қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»

Міндеттер:

1. «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
2. Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
3. 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
4. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту ;
5. Оқушылардың функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
6. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
7. Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
8. Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
9. Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
10. Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;

Аталған мақсатқа байланысты міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп ұжымы төмендегідей негізгі нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасауда:

- ✓ "«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы;

- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістер енгізілген);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.
- ✓ "Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " (ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы);
- ✓ ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 өзгеріс енгізілді)

Оқу-тәрбие үрдісінде жұмыстың нәтижелі болуы мектептегі психологиялық қызметтің сапасына тығыз байланысты. Жоғары деңгейде сауатты ұйымдастырылған психологиялық қызмет, яғни оқу-тәрбие үрдісімен біте қайнасқан психологиялық қызмет-білім беру үрдісін жаңа сатыға көтеретін қозғаушы күш болып табылады. Сондықтан да мектептегі психологиялық қызметтің бағдарламасында педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын диагностикалау, оның нәтижелерін талдап, туындаған психологиялық проблемаларды шешу және алдын алу, оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық кеңестер беру, т.б. жұмыс түрлері қамтылды. Ұстаздар шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеуде шығармашылықпен жұмыс жасады деп айтуға болады. Жыл ішінде оқу-тәрбие үрдісіндегі озық іс-тәжірибелерін пәндік апталықтар, әдістемелік күндер, әдістемелік семинарлар өткізуге белсене қатысу арқылы әріптестерімен бөлісіп отырады.

Кадрлар құрамы бойынша ақпарат

Білімі бойынша:

Пәндер	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
Қазақ тілі мен әдебиеті	3	1
Орыс тілі мен әдебиеті	2	0
Ағылшын тілі	3	0
Математика	2	0
Физика	2	0
Химия, биология	1	0
Биология	1	0
География	1	0
Информатика	1	0

Тарих	3	0
Бастауыш сынып	2	5
Музыка	1	0
Көркем еңбек	1	0
Дене шынықтыру	2	0
АӘТД	1	0
БАРЛЫҒЫ	26	6
Пайыздық көрсеткіші	80%	20%

Біліктілік санаты бойынша:

Пәндер	зерттеуші	сарапшы	модератор	2 санат	Санаты жоқ
Қазақ тілі мен әдебиеті	0	3	0	0	1
Орыс тілі мен әдебиеті	0	0	1	0	1
Ағылшын тілі	0	2	0	0	1
Математика	0	0	2	0	0
Физика	0	0	0	0	2
Химия, биология	0	1	0	0	0
Биология	0	0	0	0	1
География	0	1	0	0	0
Информатика	0	0	1	0	0
Тарих	0	0	1	1	1
Бастауыш сынып	1	1	2	0	3
Музыка	0	0	0	0	1
Көркем еңбек	0	0	1	0	0
Дене шынықтыру	0	2	0	0	0
АӘТД	0	1	0	0	0
БАРЛЫҒЫ	1	11	8	1	11
Пайыздық көрсеткіші	3%	35,5%	29,5%	6,5%	22,5%

Кадрлардың кәсіби құзырлығын арттыру

1. Педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарының мазмұны мен тиімді түрлерін жоспарлау;
2. Мектеп деңгейінде мұғалімдерінің кәсіби байқаулары мен семинарларын өткізу;

3. Жаңалықтарды игерту арқылы мұғалімдердің біліктілігін жетілдіруде ғылыми-әдістемелік қызмет көрсету;
 4. Инновациялық үдерістерді, зерттеу-ізденіс жұмыстарының мазмұны мен тиімді түрлерін жоспарлау, өткізу;
 5. Мұғалімдердің кәсіби проблемаларын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу;
 6. Мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерінің мониторингі нәтижелері негізінде біліктілікті арттыру курстарына жіберу;
 7. Мектептердегі психологиялық-педагогикалық қызметті кеңейту;
 8. Жаңашыл-педагогтардың дерекқорын құру және оны жүйелі толықтырып отыру; өзінің педагогикалық тәжірибесін кеңінен таратуға жаңашыл педагогтарды тарту; тәжірибе алмасу.
 9. Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы үшін жағдай жасау;
- Үнемі ізденісте болып мұғалімдер әрдайым өздерінің біліктіліктерін арттырып отырады. Биылғы оқу жылында білім жетілдіру курстарынан 7 мұғалім өтті.
- Мұғалімдердің жетістіктері мен марапаттары

Мұғалімнің аты - жөні	Қатысқан байқау атауы	Нәтижесі
Мухитова Наркыз Басаровна	«Мұғалім жұмысындағы цифрлық білім беру технологиялары» облыстық олимпиада	2 орын
Мухитова Наркыз Басаровна	«5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы аясында күрделі тақырыптар бойынша ағылшын тілі мұғалімінің құзыреттілігін арттыру» облыстық семинарға қатысу	Сертификат
Дүйсенбаев мухаметгали Темирбаевич	«Алтын тұғыр» облыстық математикалық олимпиада	Сертификат
Умурзакова Гүлдана Қайратовна	«Жас ұстаз» облыстық сырттай байқауы	-
Шамшитова Шамшия Асылхановна	«Дарынды балаға – талантты ұстаз» аудандық байқауы	-
Рақыш Бухара Қайруллаевна	«Дарынды балаға – талантты ұстаз» аудандық байқауы	-
Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	«Педагогикалық идеялар фестивалі»	-
Рақыш Бухара Қайруллаевна	Облыстық экологиялық авторлық жоба дайындау байқауы	Сертификат

Әдістемелік қызметтің құрылымы

Жыл басында әдістемелік кеңес құрамы сайланды. Мектептің әдістемелік кеңесі туралы ереже бекітілді. Жыл бойы 5 әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Мектепте 3 әдістемелік бірлестік жұмыс істеді. Олар:

1. Гуманитарлық пәндер бірлестігі: ӘБ жетекшісі – Канафина Г.Ж., құрамында 13 адам.
2. Бастауыш сынып бірлестігі: ӘБ жетекшісі – Альмагамбетова С.Ж., құрамында 7 адам.
3. Жаратылыстану- математикалық пәндер бірлестігі. ӘБ жетекшісі – Дүйсенбаева Л., құрамында 12 адам.

«Жас ұстаз» жас мұғалімдер мектебі

«Жас ұстаз» жас мұғалімдер мектебінің мақсаты жас мұғалімнің кәсіби тұрғыдан сәтті қалыптасуы. 2022 – 2023 оқу жылының басында 5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар 4 жас маман бар. Мектеп директорының 2022 жылдың 29 тамызындағы №50 бұйрығы негізінде жас мамандарға тәлімгер бекітілді. Тәлімгерлік және жас маманға көмек көрсету бойынша жылдық жоспар бекітілді.

Жас маманның өзін-өзі дамытуы бойынша жоспар құрылды. Жоспар негізінде жұмыстар жүргізілді.

- Әдістемелік тақырыбын анықтау.
- Курстарға қатысу.
- Педагогикалық жаңашылдықтармен танысу.
- Сабақтарға қатысу.
- Қалалық семинарларға қатысу
- Жас мамандарға арналған сайыстарға қатысу.
- Психологпен кеңес алу, тренингтер өткізу.

оқу жылының басында жас мамандармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. бекітілген жоспар негізінде жыл бойы іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Тәлімгерлер жас мамандарға оқу жылының басынан бастап күнтізбелік, тәрбие және күнделікті жоспар құруға көмек көрсетті. Үнемі жас мамандардың сабақтарына қатысып, өткізілген сабақ бойынша ескертулер мен ұсыныс жасалды.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша қыркүйек айында өтетін Тілдер онкүндігі барысында жас мамандар белсене ат салысты. Түрлі сайыстар, видеопрезентациялар, сыныптан тыс, ашық сабақтар ұйымдастырды.

2022 жылдың 13 қазанында жас мамандармен мұғалімдердің қатысуымен «Қалыптастырушы бағалау: теория және практикада» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.





Мұғалімдердің шығармашылықтарын дамыту мақсатында түрлі сайыстарға қатысады. 1 тоқсанда:

№	Қатысушы	Сайыс атауы	Нәтиже
1	Умурзакова Г.К.	«Жас ұстаз» облыстық сырттай байқауы	-
2	Шамшитова Ш.А.	«Дарынды балаға – талантты ұстаз» аудандық байқауы	-
3	Рақыш Б.К.		-
4	Рақыш Бухара Қайруллаевна	Облыстық экологиялық авторлық жоба дайындау байқауы	Сертификат

2022 жылдың 19 қазанында «Кітап – түпсіз терең қазына» тақырыбындағы мектепшілік конференциясы өтті. Бұл конференцияға жас мамандар белсене ат салысты.



Қараша айының 24 күні мектепшілік «Үздік АКТ қолданушы» сайысы өтті. Сайысқа бастауыш сынып бірлестігінен, жас маман Рақыш Бухара Қайруллақызы қатысты. Сайыс барысында әр мұғалім сабақта АКТ-ны тиімді қолдану жолдарын көрсете білді. Қорытындысы бойынша Рақыш Б.Қ. 3 орынға ие болды.



Жас мамандардың сабақтарына үнемі қатысып, өткізілген сабақ бойынша ескертулер мен ұсыныс жасалуда. Сәуір айында мектепшілік ашық есік күні өткізіліп ата – аналар барлық жас мамандардың сабақтарына қатысты.

Мектептің жас мұғалімдерінің педагогикалық және әдістемелік шеберлектерін дамытуға жағдай жасау басты мақсаттың бірі болып табылады. Жас мамандардың кәсіптік білімін шындау жұмысы ғылыми әдістемелік семинарлар, оқыту семинарлары, практикалық оқытулар, пәндік апталықтар, әдістемелік күндер, әдістемелік және педагогикалық кеңестер, кәсіби сайыстар мен байқауларға қатысу арқылы жүргізіледі.

Тақырыптық педагогикалық кеңестер

Мақсаты: мектептегі оқыту үдерісін мазмұны мен ұйымдастырылуы бойынша ортақ мәмілеге келуді орнату.

Оқу жылында педагогикалық кеңестер жоспарлы түрде жүргізілді және жоспардан тыс шағын педагогикалық кеңестер өткізілді. Әр педагогикалық кеңесте өзекті деген мәселелер қарастырылып, шешу жолдары нақтыланды. Әр педагогикалық кеңесте білім сапасы талқыланды және сапаны көтеру жолдары қарастырылып, шешімге келіп отырды. Әсіресе, ҰБТ-ге дайындауды дұрыс жолға қою жағы көптеп қарастырылды. Төмен сапа көрсеткішін көрсеткен пән мұғалімдері есеп беріп отырды және жүргізілген жұмыс барысына талқылау жасалынды. Жоспарлы түрде өткізілген педагогикалық кеңестерде баяндамалар оқылды, сыныптар бойынша білім сапасына талдау жасалды, жолдар қарастырылды.

Мектепшілік семинарлар

Мақсаты: жаңа технологияларды мектепте оқу барысында тәжірибе алмасу және мұғалімдердің санатын көтеруде кеңінен қолдану.

19 қазанда жас мамандарға арналған «Сабақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы мектепшілік іс – тәжірибемен бөлісу семинары өтті.



2022 жылдың 16 қарашасында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Заманауи білім берудің әдіс- тәсілдері» тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты. Семинар барысында бастауыш сынып мұғалімі Кункенова Майкен Назымбекқызы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті, оның ішінде өзі сабақта қолданатын әдіс – тәсілдерді көрсетті.



2023 жылдың 25 қаңтарында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс - тәсілдері» тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты. Семинар барысында физика пәнінің мұғалімі Асылбек Айнұр және математика пәнінің мұғалімі Дүкенбаева Нұржамал Ерғалиқызы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті, оның ішінде өзі сабақта қолданатын әдіс – тәсілдерді көрсетті.



24 ақпанда «Пәнді оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі» тақырыбындағы мектепшілік іс – тәжірибемен бөлісу семинары өткізілді. Семинарда география пәнінің мұғалімі Ажыхан Е., орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хужин А.Н. және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сайлаухан Б. Іс – тәжірибелерімен бөлісті.



2022-2023 оқу жылында педагогикалық қызметкерлердің біліктілік санатына өту аттестациясына, атқаратын лауазымына сай келуін қамтамасыз етуде әкімшіліктің міндеттері:

1. Педагогикалық кадрлардың құжаттарын (диплом, сертификат) лауазым және біліктілік талаптарына сәйкестігіне байланысты толық тексеруден өткізу.
2. Педагогикалық кадрларды біліктілін арттыру, қайта даярлау курстарына жіберу.
3. Аттестациядан өтуді алдын – ала жоспарлау, жоспар бойынша жұмыс жүргізу.
4. Аттестаттау өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру.

Оқу жылында аттестацияның 1 кезеңінен өткен мұғалімдер:

Кункенов Сұңқарбек Сламбекович – педагог – сарапшы растау
Канафина Гүлнұр Жолдыбековна – педагог – сарапшы көтеру
Табиғатқызы Толқын - педагог – сарапшы көтеру
Кункенова Майкен Назымбековна – педагог – модератор растау
Байғабыл Тілеубек – педагог – модератор растау
Асылбек Айнур – педагог – модератор көтеру

2022-2023 оқу жылындағы пән онкүндіктері

№	Пән онкүндігі	Өткізілген іс- шаралар	Мұғалімдер саны	Тартылған оқушылар саны
1	Тілдер онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар, конференция	33	266
2	Жаратылыстану – математикалық пәндер онкүндігі (математика, физика, география, дене шынықтыру)	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар	23	144
3	Бастауыш сыныптар онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар	14	122
4	«Тәуелсіздік тұғыры» апталығы	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар, сайыстар мен байқаулар	33	263
5	Гуманитарлық пәндер онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар	21	143
6	Жаратылыстану – математикалық пәндер онкүндігі (химия, биология, информатика, музыка, көркем еңбек)	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар	16	143
7	Жас мамандар онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар	6	122

Дарынды оқушылармен жұмыс

Дарынды балалардың әртүрлі олимпиадаларға қатысуы және дайындау жұмысының маңызды мағынасы бар. Мектеп оқушылары мектеп пәндерінің олимпиадасына белсенді атсалысты. Жеңімпаздар мектеп оқушыларының аудандық олимпиадасына қатысты. «Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының 1.11.2022 жылдың №110 бұйрығы негізінде 2022 жылдың 8-11 қараша аралығында 8-11 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өткізілді. Олимпиада қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, биология, тарих, информатика, ағылшын тілі, химия, география, физика пәндерінен өткізілді. Пәндік олимпиада ережеге сай өткізілді. Әр оқушы 2 пәннен мектепшілік олимпиадаға қатысуға мүмкіндік алды. Комиссия мүшелері жұмыстарды уақытылы тексеріп тапсырды. Барлық пәндер бойынша қорытынды шығарылып хаттамаға енгізілді. Аудандық олимпиадаға 2 оқушы жіберіледі.



2022 жылдың 17 қарашасында мектепшілік оқу – тәрбие жұмысының жоспарын орындау мақсатында 7,8 сынып оқушылары арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өтті. Ойынға екі сыныптан 8 оқушы қатысты. Нәтижесінде 7 сынып оқушысы Алпыс Ілесбек жеңімпаз атанды.



Мектепшілік «А.Байтұрсынов оқулары» 2022 жылдың 24 қарашасында өтті. Байқауға 3-8 сынып оқушылары қатысты. Қорытындысы бойынша 1 орын: Тұрсынбекұлы Ж., Кенжебайқызы А., 2 орын: Сламбек Д., Альмагамбетова С., 3 орын: Жантуарова Д., Бекмұратұлы Ш.



2022 жылдың 21-25 қараша аралығында 5,6 сынып оқушылары арасында мектепшілік пәндік олимпиада өтті. Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеңімпаздар мадақтамамен марапатталды.

3 наурызда бастауыш сыныптар арасында оқыту тілі (қазақ тілі, орыс тілі) және математика пәндері бойынша олимпиада өтті. Сайыстарға қатысу бойынша ақпарат:

№	Қатысушы	Сайыс атауы, номинация	Қорытынды
1	Валтер Ильдар	Облыстық пәндік олимпиада	2 орын
2	Асқат Балнар	Облыстық пәндік олимпиада	3 орын
3	Хожабай Жансая	Облыстық «Менің шағын отаным» байқауы	Сертификат


4	Валтер Ильдар	Аудандық пәндік олимпиада	1 орын
5	Арғынбек Жансая	Аудандық «Ақберен» байқауы	-
6	Дүйсен Динара	Аудандық «Ақберен» байқауы	-
7	Жеңісбек Баянды	Аудандық «Ақберен» байқауы	3 орын
8	Асқат Ақнар	Аудандық «Лингвистика» байқауы	-
9	Жеңісбек Баянды		-
10	Балтабаев Дастан		-
11	Жеңісбек Баянды	Аудандық «Жас тарихшы» байқауы	3 орын
12	Дүйсен Динара		2 орын
13	Тилеубек Дина		2 орын
14	Еркінбек Ақжол	Аудандық «Менің шағын отаным» байқауы	-
15	Хожабай Жансая		1 орын, облыстық байқауға қатысушы
16	Қуанбек Арайлым		-
17	Жеңісбек Баянды	«Тіл мен тарих тамырлас» аудандық байқауы	3 орын
18	Алтынбек Ербұлан	Аудандық бастауыш сыныптар олимпиадасы	3 орын
19	Арғынбекқызы Жансая	Қ.Бітібаева олимпиадасына	3 орын
20	Өмірұзақ Жібек	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын
21	Хожабай Нурай	Аудандық «Зерде» байқауы	3 орын
22	Алтынбек Ерұлан, Бекмұрат Шәкәрім	Аудандық «Зерде» байқауы	1 орын
23	Нұржан Нұрым	Аудандық «Зерде» байқауы	3 орын
24	Жеңісбекқызы Баянды	Аудандық ғылыми жобалар байқауы	3 орын
25	Сайлаухан Диас	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын

26	Асқат Балнар	Аудандық пәндік олимпиада	1 орын
27	Мауленбек Ұлжан	Аудандық «Абай оқулары»	2 орын
28	Сарсенбек Арғын	Аудандық «Абай оқулары»	2 орын
29	Тұрсынбек Жанболат	Аудандық «Абай оқулары»	2 орын
30	Ақтай Аружан	«Махамбет оқулары»	3 орын
31	Ермекбаева Асемгүл	«Мағжан оқулары»	2 орын
32	Хожабай Жансая	«Мәшһүр Жүсіп оқулар»	2 орын
33	Тилеубек Дина	Аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасы	2 орын
34	Алпыс Ілесбек	Аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасы	3 орын
35	Оразова Аяулым	Аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасы	3 орын
36	Республикалық «Лингвист» олимпиадасы		1 орын –15 2 орын –63 3 орын - 2
37	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы		1 орын –4 2 орын –13 3 орын – 3
38	«Кенгуру – математика барлығы үшін» интеллектуалды ойын - конкурсы		1 орын –1 2 орын –1 3 орын – 5

Білім сапасының қорытындысы

2022-2023 оқу жылын мектептебіміз 266 оқушымен бастады, жыл бойы келген оқушы саны -4, кеткен оқушы саны – 7, сонымен оқу жылын мектебіміз 263 оқушымен аяқтады. Оның ішінде бастауыш буында – 120, орта буында – 121, жоғары сыныптарды -22, оның - 8 оқушысы мектеп түлектері.

Мектептің басты мақсаты сапалы білім беру. 2022-2023 оқу жылының сыныптар бойынша білім сапасының мониторингі:



Білім сапасына қарай отыра мектебіміздегі жоғары буында кейбір мәселелер бар екендігі байқалады. Ол мәселені шешу мақсатында сыныптар мен пән мұғалімдері арасындағы сабақтастықты нығайту жұмыстары жүргізілді. Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 4% өсті. «Білім сапасын арттыру» мәселесін шешу жыл бойы бақылауда болды: бұлар оқу үлгерімінің есептері, сабақтарға қатысу, мәселелерді педагогикалық кеңестерде қаралуы.

ҰБТ дайындық

2022 – 2023 оқу жылында мектебімізде 11 сыныпта 8 оқушы бар. Оның барлығы қазақ сыныбында оқиды. Мектеп түлектері арасында «Алтын белгі» белгісіне оқитын оқушы жоқ. Оқу жылының басында ҰБТ дайындық бойынша мектепшілік жоспар құрылды. Осы жоспар негізінде мектеп ішінде байқау сынақтары өткізіліп тұрды. ҰБТ тапсыруға 8 оқушы өтініш жазды.

2023 жылы қаңтар айындағы ҰБТ қорытындысы: орта балл – 53

Мектептің ішкі күшті жақтары:

1. Педагогикалық кадрлармен толық қамтылуы.
2. Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптардың болуы, оқушыларды тамақтанумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етудің болуы. Оқушыларды 100% оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі.
3. Оқыту сапасының оң динамикасының болуы.
4. "Мәңгілік Ел" патриоттық актісі мен "Рухани жаңғыру" бағдарламасына негізделген тәрбие жұмысының жүйесі. Мектеп дәстүрлерінің болуы. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің, "қауіп тобындағы" балалармен алдын алу кеңесінің жұмысы.

5. Білім беру процесінде салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттарды орындау.

Мектептің ішкі әлсіз жақтары

1. Дарынды балалармен жұмыс жүйесінің әлсіздігі.
2. Мектепте қазіргі заманғы оқу кабинеттері мен спортпен айналысу үшін қажетті материалдық базаның жеткілікті болмауы.

2023-2024 оқу жылына міндеттер:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында, әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша әрбір мұғалім мен сынып жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.
2. Педагог-психологпен бірлесе отырып, дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың деректер банкін құру және олармен жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеу. Дарынды оқушыларды қолдау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;
3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;
4. Білім сапасын арттыру мақсатында, оқытудың нәтижелі технологияларын мұғалімдердің қолдануын зерделеу.
5. Пәндік апталықтар және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың сапасын арттыру.
6. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын қарастыру.

3.1. 2023-2024 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс - шаралар	Мерзімі	жауапты	Қорытынды нәтиже
1	«Білім беру ұйымдарына қабылдау және тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету арқылы 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау (Е-GOV мемлекеттік порталы)	1 тамызға дейін	Іс - жүргізуші	Е-GOV мемлекеттік порталы арқылы электрондық құжаттарды қабылдау
2	Сыныптарды жинақтау	1 қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	бұйрық
3	Алфавиттік кітапты, оқушылардың келу/кетуіне арналған бұйрық кітабын жүргізу	5.09 дейін	Іс – жүргізуші	анықтама
4	«Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу	Тамыз	Серғазы Ж.	Киім мен кеңсе тауарларын беру, бұйрық
5	Жалпы білім беру айлықтарын ұйымдастыру және өткізу		Серғазы Ж.	бұйрық
6	9, 11 сынып тұлғаларын жұмыспен қамту	1 қыркүйекке дейін	Смаилова С.К.	Растау анықтамасы,
7	Жетім балалар мен халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен оқушылар тізімін түзету	1 қыркүйекке дейін	Серғазы Ж.	ДЖК анықтамасы
8	Сыныптың әлеуметтік паспорты. Жаңадан келген оқушылар қатарынан жетім балаларды, көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды анықтау	1 қыркүйекке дейін	Серғазы Ж.	ДЖК анықтамасы, ҰБДҚ базасындағы тізімді жаңарту
9	ДКК мен ПМПК анықтамалары негізінде үйде оқытуды және инклюзивті білім беруді ұйымдастыру	1 қыркүйекке дейін	Смаилова С.К.	ДЖК анықтамасы
10	1-11 сынып оқушыларының жеке істерін тексеру	Қыркүйек, қаңтар	Смаилова Н.К.	ДЖК анықтамасы
11	Есепте тұрған оқушылар тізімін түзету мектепшілік; «қауіп тобында»			ДЖК анықтамасы
12	Оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	25 тамызға дейін	Балкенова Д.	ДЖК анықтамасы
13	ҰБДҚ базасын және мектеп оқушыларының базасын жаңарту	5 қыркүйекке дейін, жыл бойы	Смаилова С.К.:	ҰБДҚ базасын жаңарту
14	1-4 сынып оқушылары үшін ыстық тамақ пен 5-	Қыркүйек	Серғазы Ж.	анықтама

	11 сынып оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру			
15	Оқушылардың қозғалысын бақылау	Жыл бойы	Серғазы Ж. Смаилова С.К.	әр тоқсанның соңында ББ есеп беру
16	Мектеп ішінде және «қауіп тобына» тіркелген оқушыларды сабақтан тыс жұмыспен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Серғазы Ж.	анықтама
17	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Мамыр	Серғазы Ж.	ДЖК анықтамасы

3.2 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды, Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру	Жыл бойы	Смаилова С.К.	«ҚР тілдер туралы» Заңды іске асыру туралы анықтама ДЖК, ӘК
2	ҚР ОАМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды зерттеу	Қыркүйек	Смаилова С.К.	ҚР ОАМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды талдау
3	Іс қағаздарын жүргізу, стендтер мен көрнекі материалдарды мемлекеттік тілде безендіру	Жыл бойы	Кункенов С.С.	мемлекеттік тілде іс қағаздарын сапалы жүргізу
4	Мемлекеттік қызметтерді көрсету («Электрондық үкімет» сайты, «Е-gov») және азаматтарды мемлекеттік тілде қабылдау	Жыл бойы	Іс – жүргізуші	мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік тілде сапалы көрсету
5	Қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылуды ұйымдастыру	Жыл бойы	Кітапханашы	қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылу
6	Кітапхана қорын әдебиеттермен, терминологиялық сөздіктермен толықтыру	Жыл бойы	Кітапханашы	қазақ тіліндегі әдебиеттерді сатып алу
7	Сайтпен үш тілде жұмыс істеу	Жыл бойы	Смаилова С.К.	ақпаратты қазақ тілінде орналастыру
8	Қазақ тілінде білім беру саласын кеңейту, ана тілін нашар білетін оқушыларға қосымша сабақтар.	Жыл бойы	Табиғатқызы Т.	мемлекеттік тілде оқытатын сыныптардың ашылуы
9	Қазақ тілінде үйірмелер жұмысын ұйымдастыру	Жыл бойы	Кункенов С.С.	қазақ тіліндегі үйірмелер кестесі
10	Тілдер айына арналған іс-шаралар ұйымдастыру.	қыркүйек	Канафина Г.Ж.	ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар, мұражайларға, театрларға бару.
11	Мемлекеттік тілде мәдени, спорттық және басқа іс-шаралар өткізу	Жыл бойы	Серғазы Ж.	мәдени, спорттық іс-шаралар мемлекеттік тілде

12	Оқытушылар құрамына арналған мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйрену үйірмелерінің жұмысын ұйымдастыру	Жыл бойы	Тіл мамандары	мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйренуге арналған үйірмелердің жұмысы
13	Мектеп оқушыларын әр деңгейдегі байқауларға қазақ тілінде қатыстыру және өткізу	Жыл бойы	Смаилова С.К.	жоғары сынып оқушыларының әртүрлі деңгейдегі қазақ тіліндегі байқауларға қатысу нәтижесі
14	«ҚР тілдері туралы» заңға мониторинг жүргізу	Мамыр	Смаилова С.К.	«Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңының іске асырылуын талдау

3.3. 2023-2024 оқу жылына арналған «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Білім беру қызметінде физикалық факторлар көздерімен (компьютерлер мен бейнетерминалдар) еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау.	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Назарбекова С.А.	ақпарат
2	Бұйрықты әзірлеу және қабылдау: 1. «Күнделік» бірыңғай электронды білім беру ортасындағы жұмыс туралы (https://kundelik.kz). 2. ҰБДҚ әкімшілік деректерді жинауға және толтыруға жауапты адамдарды тағайындау туралы. 3. WI-FI кіру нүктелерінің қауіпсіздігіне жауапты адамдарды тағайындау туралы.	1 қыркүйекке дейін	Назарбекова С.А.	бұйрықтар
3	Компьютерлер мен оргтехниканы түгендеу. Оқу іс-әрекеті жағдайының өзгеруі барысында қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді анықтау	1 қыркүйекке дейін	Назарбекова С.А.	актілер сатып алу туралы сұраныс
4	Пайдаланудан шыққан немесе қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін компьютерлік техниканы есептен шығару.	қыркүйек	Асқар Е.	Техниканы есептен шығару туралы акті
5	АКТ бойынша жоғары органдарға есеп беруді уақтылы дайындау	Жыл бойы	Смаилова С.К.	Статистикалық есептер
6	Мемлекеттік қызметтерді Egov.kz және EgovKzBot Электронды үкімет порталы арқылы алу мүмкіндігі туралы білім беру процесінің барлық қатысушыларын ақпараттандыру	Жыл бойы	Іс - жүргізуші	Ақпарат
7	«Күнделік» бірыңғай электрондық білім беру ортасындағы жұмыс: 1. Жаңадан келген мұғалімдерді «Күнделік» БЭБО жұмыс нұсқауларымен және ережелерімен таныстыру	Тамыз - Қыркүйек	Асқар Е.	Жас мамандармен және жаңадан келген мұғалімдермен жеке жұмыс
8	«Күнделік» БЭБО үшін логиндер мен парольдерді қалпына келтіру	Тамыз - Қыркүйек	Асқар Е.	Қажетті ақпараттарды беру
9	«Күнделік» БЭБО оқу жылына дайындау (қолданушыларды	Тамыз -	Асқар Е.	Жеке жұмыс

	жаңарту, пәндерді қосу, кесте құру және т.б.)	Қыркүйек		
10	Оқушылар туралы ақпарат қосу, 1 сынып қалыптастыру, топқа бөлу, КТЖ енгізу	Тамыз - Қыркүйек	Асқар Е. Пән мұғалімдері	есеп
11	«Күнделікпен» жұмыс жасайтын мұғалімдер мен ата-аналарға мониторинг жүргізу	Жыл бойы	Смаилова С.К.	ДЖК анықтама
12	«Vilimarr» оқу порталын пайдалануды бақылау және т.б.	Жыл бойы	Смаилова С.К.	анықтама
13	Оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану үшін жағдай жасау: 1. Оқу кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау. 2. Сыныптардағы компьютерлік техниканы орналастыру, жауапты адамдарды қамтамасыз ету. 3. Компьютерлік техниканы орнату, қосу және баптау	Жыл бойы	Асқар Е.	ӘК, ақпарат
14	Мектептің сайтының және әлеуметтік парақтарының жұмысы.	Жыл бойы	Смаилова С.К. Серғазы Ж.	Сайттардағы және инстаграмдағы заманауи ақпарат
15	ҰБДҚ толтыру	Жыл бойы	Смаилова С.К. Серғазы Ж.	ҰБДҚ қолқою
16	Негізгі орта білім туралы аттестаты мен жалпы орта білім туралы аттестаттың нысандарын толтыру, телнұсқаларын беру	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	Қатаң есептіліктің толтыру нысандары

3.4. Оқу-тәрбие үрдісінде техника қауіпсіздік ережелерінің сақталуын жүзеге асыру

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
Балалардың жол-көлік жарақаттары ескерту бойынша шаралары				
1	Еңбек қауіпсіздігі және техникалық қауіпсіздігі үшін жауапты адамды тағайындау туралы мектепке бұйрықты жасау	қыркүйек	Назарбекова С.А.	Бұйрық
2	1-8 сынып жетекшілерімен жолда жүру ережелеріне сәйкес оқушылармен сабақ өткізу әдістемесі бойынша нұсқаулық және әдістемелік сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	нұсқаулық
3	Оқушылармен тақырыптық ертеңгіліктер, викториналар, конкурстар, жол қауіпсіздігі бойынша жарыстар өткізу	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	жол-көлік жарақаттарының алдын-алу
4	МАИ қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Серғазы Ж.	Ақпарат
5	Жол қауіпсіздігі үшін мектеп сайтында ақпарат салу	Жоспар бойынша	Серғазы Ж.	Ақпарат
Мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар				
1	Оқу орнының барлық бөлімшелерінде қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жағдайларды қамтамасыз ету	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	анықтама
2	Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. Ғимараттарды тиісті өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Калиев Ж.А.	Мектеп жөндеу жұмыстары
3	Мектеп қызметкерлерін ақысыз медициналық тексеруден өткізу	тамыз	кәсіподақ	медбайқау
4	Мектепті дез. құралдарымен, зарарсыздандыру құралдарымен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Калиев Ж.А.	дез.құралдар, санитайзерлер
5	Қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес жұмыс орындарын алғашқы медициналық көмек жинақтарымен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Альмагамбетова Г.А.	алғашқы медициналық көмек қобдишалары
6	Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша алғашқы және жоспарлы нұсқаулықты	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	нұсқаулықтар

	уақтылы өткізу			
7	Жаңа қызметкерлерді жұмысқа алу кезінде нормативтік-техникалық құжаттаманы білу үшін сұхбат жүргізу.	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	сұхбаттасу
8	Сабақтағы және сабақтан тыс техникалық қауіпсіздікті сақтау.	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	ДЖК
Оқушылардың өмірін, денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау шаралары				
1	«Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау» бөліміне құжаттама дайындау; - «Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы» мектеп бойынша бұйрық	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	бұйрық
2	Бейнекамералар мен турнирлердің істен шығу қаупі байынша жұмыс	Жыл бойы	Серғазы Ж.	Есеп
3	Санитарлық ережелер мен СанПиН стандарттарына сәйкес санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын үнемі бақылауды жүзеге асырыңыз: - білім беру мекемесінің, тамақтану объектісінің санитарлық-гигиеналық жағдайы, оқу бөлмелерінің, спортзалдың, шеберханалардың және басқа үй-жайлардың жеңіл, ішімдік, ауа режимі; - сабаққа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы: оқушыларды ұсыныстарға сәйкес отырғызу, жаттығу сабақтарының шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу, үй тапсырмаларын мөлшерлеу; - 1-9 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Назарбекова С.А. Смаилова С.К. Серғазы Ж. Альмагамбетова Г.А.	кесте, анықтама
4	Аз қамсыздандырылған отбасылардың балаларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру	Жыл бойы	Серғазы Ж.	ӘК
5	1-4, 5-9 сынып оқушыларының денсаулық топтары бойынша ауыру талдауын жүргізу.	Жыл бойы	Альмагамбетова Г.А.	ӘК
6	Технологиялық кабинеттердің жабдықтарын	Жыл бойы	Байгабыл Т.	ӘК

	қауіпсіздік шаралары мен өндірістік санитария талаптарына сәйкес келтіру			
7	Нұсқаулыққа сәйкес физика, химия, информатика, технология кабинеттерінде, спорт залында қауіпсіздік шараларын қолдану	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	ӘЖ
8	Бұқаралық іс-шаралар өткізген кезде балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үнемі шаралар қолдану	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	ДЖК
9	Сыныптарды желдету және дымқыл тазалау.	Жыл бойы	Альмагамбетова Г.А.	кабинеттерді жинау
Жарақаттар мен жазатайым оқиғаларды ескерту және алдын-алу бойынша іс-шаралар				
1	Мектептің педагогикалық ұжымына мектеп оқушылары арасында жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын-алу туралы нұсқау беру	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	нұсқаулық
2	ӘБ сынып жетекшілерінің отырысында «Мектептен тыс уақытта сыныптан тыс жұмыстар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау және жарақаттанудың алдын-алу» тыңдау	Қыркүйек	Серғазы Ж.	анықтама
3	Ата-аналар жиналысында балалар арасындағы жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын-алу мәселелері талқыланады	Жоспар бойынша	Серғазы Ж.	анықтама
4	Оқушылар арасында жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың ескерту және алдын алу бойынша мектептің оқу жылына арналған жұмысына талдау дайындау	Мамыр	Серғазы Ж.	Анықтама
Өртке қарсы шаралар				
1	Өрт қауіпсіздігіне жауап беретін адамдарды тағайындау туралы, өртке қарсы режимін орнату туралы бұйрық шығару.	Жыл бойы	Назарбекова С.А.	бұйрық
2	Мектеп қызметкерлері мен оқушыларға өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізу	Үнемі	Назарбекова С.А.	нұсқаулық
3	Өрттің алдын-алу бұрышын жасаңыз және мамандандырылған кабинеттерді қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету	Қыркүйек	Серғазы Ж.	нұсқаулық

3.5 Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Жұмыстүрі	Санаты	Мерзімі
Аналитика-статистикалық бағыт				
1	ЕБҚ бар оқушылардың мектептегі мәліметтер банкін қалыптастыру	Ақпаратты жинау және өңдеу	Мектеп жасындағы балалар	01.09.2021 дейін
2	Мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша бастамашыл топ құру; білім беру психологы; мектеп медициналық қызметкері.	ЕБҚ бар балаларға арналған картотека құру	Мектеп қызметкерлері	Ай сайын
3	Мүгедек балалардың оның ішінде үйде оқитын оқу процесін жүзеге асыратын, мұғалімдер туралы мәліметтер банкін қалыптастыру	Ақпаратты жинау және өңдеу	Мектеп қызметкерлері	Жыл бойы
4	Инклюзивті білім беру бойынша мектеп кеңесін құру	кеңес	Әкімшілік	тамыз
Әдістемелік қолдау				
1	Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша аудандық, облыстық, республикалық кеңестерге, семинар-кеңестерге, практикалық семинарларға, консультацияларға қатысу	кеңес	Бөлімнің, білім басқармасының мамандары, ПМПК	Жыл бойы
2	Мектепте бейімделу ортасын құру	кеңес	Әкімшілік, мектеп мұғалімдері, ПМПК	Жыл бойы
3	ЕБҚ ететін оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерге білікті көмек көрсету	Мектептің тиімділігін бағалау критерийлері негізінде оқу материалдарын таңдау	Мектеп әкімшілігі ПМПК мамандары, АББ	Жыл бойы
4	Инклюзивті білім беру бойынша нормативтік құжаттар банкін құру	ұйымдастырушылық-құқықтық	мектеп, ПМПК	Қыркүйек
5	Оқушылармен түзету жұмыстарын тағайындау және жүзеге асыру	Жеке кеңес беру	оқушылар	Жыл бойы
6	Балалар мен ата-аналарға жеке кеңес беру	Жеке кеңес беру	Ата-аналар	Жыл бойы
7	ЕБҚ бар балалардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік қолдау	«Ата-аналарға арналған мектеп»	Ата-аналар	Жыл бойы
Ақпараттық-ағартушылық бағыт				
1	ЕБҚ бар балалардың мүмкіндіктері мен жетістіктерін	Сурет көрмелері;	мектеп, БАҚ	Жоспар бойынша

	насихаттау	Көркем өнерпаздар байқауы; Спорттық жарыстар		
2	Мектептерде инклюзивті білім беруді дамыту туралы халықты ақпараттандыру	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар	мұғалімдер, ата-аналар	Тамыз - қыркүйк
3	ЕБҚ балалардың әлеуметтік байланысын кеңейту	Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жүргізу	Мектеп оқушылары	Жыл бойы
4	Салауатты өмір салтына оң көзқарас қалыптастыру	сұхбаттар, семинарлар, БАҚ жарияланымдар	оқушылар, олардың ата-аналары, мектеп мұғалімдері	Жыл бойы
Білім беру қызметі				
1	Оқушылармен түзету жұмыстарын тағайындау және жүзеге асыру	Жеке кеңес беру	оқушылар	Жыл бойы
2	Балалар мен ата-аналарға жеке кеңес беру	Жеке кеңес беру	Ата-аналар	Жыл бойы
3	ЕБҚ бар балалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, бейімделген бағдарламалар жасау	ЕБҚ балаларды оқытуға арналған бейімделген бағдарламаларды әзірлеу	Мектеп мұғалімдері, ПМПК мамандары	Жыл бойы
4	Профильге дейінгі дайындық	сауалнама, сұхбаттасу, колледждер	ПМПК, бастамашыл топ	Жыл бойы
